

Содержание теста включает задание по теме: фонетика, состав слова, морфология, лексика, синтаксис и пунктуация. Максимальное количество баллов, которое ребенок может получить за выполнение этого задания, - 10, минимальное - 0. В результате эксперимента подсчитывается сумма баллов, полученных ребенком для определения всех 10 слов из выбранного набора.

При повторении психодиагностики одного и того же ребенка по данной методике рекомендуется использовать разные наборы слов, так как ранее эти определения можно было запомнить, а затем извлечь из памяти.

Вывод об уровне развития: 10 баллов - очень высокий. 8-9 баллов - высокий. 4-7 баллов - средний. 2-3 балла - низкий. 0-1 балл - очень низкий.

Выполнение заданий третьего (функционального) уровня вызвало трудности в процессе его реализации у большинства детей. На последнем уровне от учащихся требовалось умение находить слова и предложения, составлять их в контексте, форма и смысл которых определяется этим контекстом или находится под его влиянием. Но из-за недостаточного владения основными понятийными инструментами они не справились. Что касается второй методики определения понятий, то интерпретация полученных данных позволила сделать вывод, что большинство испытуемых допустили одну или две ошибки при определении выбранных понятий в форме, которая указывает на уровень развития учащихся, их уровень овладения предметными понятиями недостаточен.

Функциональная грамотность-это способность человека взаимодействовать с внешней средой, быстро адаптироваться и обслуживать ее.

Развитие функциональной грамотности основывается, прежде всего, на развитии предметных знаний, концепций и ведущих идей. Хотя многие учителя ставят перед собой цель развития функционально компетентной личности, они продолжают преподавать по традиционной системе и не вносят инноваций в образовательный процесс.

Поэтому главной задачей в казахстанской системе образования является формирование функциональной грамотности личности учащегося, чтобы каждый ученик мог грамотно войти в контекст современной культуры общества, выстроить тактику и стратегию, достойную его жизни.

Литература:

1. Губанова, М.И., Лебедева, Е.П. Функциональная грамотность младших школьников: проблемы и перспективы формирования// Начальная школа плюс до и после. – 2019. - №12
2. Тунгускова, С.Г. Формирование функциональной грамотности младших школьников на уроках в начальной школе// <http://www.myshared.ru/slide/536583/> - 2013. – 7с.
3. Ибраимов Х.И. Коммуникативная компетентность как механизм профессионального саморазвития будущего педагога// Проблемы педагогики, 2018. №2 (34).
4. Янгирова, В.М., Шамигулова, О.А. Методологические ориентиры профессиональной подготовки учителя к диагностике образовательных результатов // Современные проблемы науки и образования. – 2015. – № 5; URL: <http://www.science-education.ru/128-22221>
5. Сеть творческих учителей /ИКТ в начальной школе[http://www.it-n.ru/communities.aspx?cat\\_no=5025&tmpl=com](http://www.it-n.ru/communities.aspx?cat_no=5025&tmpl=com)

Утегенова С.М.  
«№13 ЖББОМ» КММ, Жезказган қ.

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУДАҒЫ ПЕДАГОГТИҢ РӨЛІ**

Аннотация.Мақалада бүгінгі күнгі білім беру жүйесі алдында оқушыны ойлануға үйрету,қай жаста болмасын алдынан шығатын түрлі проблеманы шешуге қажетті әрекет тәсілдерін үйрету міндеті туралы жазылған. Мазмұнында жеке тұлғаның құзыреттіліктерін дамыту мен қалыптастыруда нысандар мен құбылыстарды зерттеумен байланысты маңызы зор екені келтірілген.Бастауыш мектептердің жаңартылған білім беру бағдарламаларының ерекшеліктері кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға негізделгеніне бағытталған.

Кілт сөздер: сауаттылық бастауыш сынып, функционалдық сауаттылық.

Қазақстан күн сайын қарқынды дамып келеді және ұлттың зияткерлік әлеуетін қалыптастыруға батыл қадам жасап отыр. Білім беру жүйесі терең де сатылы стратегиялық жаңғырту кезеңін бастан өткеруде.

Бүкіл әлемде білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда. Осы мәселе аясында «XXI ғасырда табысты болу үшін оқушылар қандай білім мен дағдыларды игеруі қажет?», «Оқу бағдарламасы білім беру ісіндегі және жалпы қоғамдағы құндылықтардың қайсысын қамтуы қажет?», «Оқушыларды қандай адам етіп тәрбиелеп шығарғымыз келеді, олар өз-өздерін таныту және дамыту үшін қандай әлеуетке ие болуы керек?» деген сияқты негізгі сауалдар туындайды. Бұл сауалдар білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда қолданылатын оқу-әдістемелік кешенмен тығыз байланысты. Осы сауалдардың жауабы ретінде қазіргі таңда білім беру мазмұны жаңартылып, өзінің алғашқы қадамдарын бастап кетті.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру – білім беру процесінің негізі болып табылады.

Қазақстанның білім беру саласындағы жасап жатқан ізденістері 21-ғасырдың өмір талаптарына сай сапалы бала тәрбиесі мақсатында дұрыс шешімдер қабылдауға бағытталған. Әлемдік білім беру тәжірибесінде барлығының тарапынан күтілетін білім беру нәтижесі ретінде қарастырылатын күздіреттіліктер шеңбері айқындалған (ЮНЕСКО, 1996). Еліміздегі білім беру реформасы әр оқушының өмір бойы табысты жұмысы мен үйренуіне қажетті тұлғалық қабілеттерін дамытуға бағытталған әлемдік тәжірибеге негізделеді. Демек, білім беру жүйесінің түлегі қызметтік жағынан сауатты болумен қатар кез-келген өмірлік мәселені шешу барысында, қойылған мақсатқа жету үшін құрал, әдіс пен жол таңдауда рухани және адамгершілік қуатын көрсетуге қабілетті болуы тиіс.

Білім берудегі сауаттылық мәселесі, біріншіден, нақты бір елдегі халықтың әлеуметтік жағдайына, екіншіден, мемлекеттің экономикалық дамуына, үшіншіден, елдегі мәдени ахуалға тәуелді болатындығы айқын. Бүгінгі өркениеттің даму деңгейі білімділік пен сауаттылық ұғымдарының мазмұны мен оны түсінудің сара жолдарын іздестіруді қажет етіп отыр. Ғылыми еңбектерде сауаттылық ұғымының белгілі бір деңгейде ана тілінің грамматикалық нормаларына сай оқу, дұрыс жаза алу дағдыларын игеру екені байқалады. Әйтсе де адамның өмір сүруіне қажетті деп танылып, меңгеруге ұсынылған бастауыш мектеп деңгейіндегі белгілі бір білім, білік пен дағдылардың жиынтығы (оқу, жазу, санау, сурет салу және т.б.) ретіндегі тілдік сауаттылық қазіргі кездегі әлеуметтік сұраным талаптарымен сәйкес келе бермейді.

Сауаттылық ұғымының нақты мазмұны дара тұлғаның дамуына қойылатын қоғамдық талаптарға байланысты құбылмалы сипатқа ие болады. Ол қарапайым оқу, жазу, санау біліктіліктерінен бастап адамның әлеуметтік үдерістерге саналы түрде қатысуына мүмкіндік беретін, қоғамдық қажеттігі айқын кешенді білімдер мен біліктерден құралатын функционалдық сауаттылықты меңгеруді де қамтиды. С.И.Ожеговтың сөздігінде «функция» сөзінің мәні «Вызванный функционированием чего-нибудь, зависящий от деятельности, а не от структуры, строения чего-нибудь (книжн)» – деп анықталса, Қазақ тілінің түсіндерме сөздігінде: «функционалдық ұғымы бір нәрсенің құрылысы, құрамынан емес, қызметінен болатын, соның әрекетіне байланысты болады» – деп сипаттама беріледі. Бұдан «функция» ұғымы белгілі бір заттың атқаратын қызметіне немесе іс-әрекетіне қатысты айтылатыны танылады.

Ал Функционалдық сауаттылық оқушылардың сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау қабілеті, оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделуінің шарты, оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамытудың тетігі, оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамытудың негізі, әлеуметтік-мәдени дамуының өлшемі, білім, білік, дағдыларының құзыреттілікке ұласу жолы. Ол оқушылардың қатысымдық, ақпараттық, проблемалардың шешімін табу құзыреттіліктерінің бірлігінен құралады.

Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылық мазмұны келесі құзыреттіліктерден көрінеді:

- ✓ оқу, жазу сауаттылығынан;
- ✓ жаратылыстану ғылымындағы сауаттылығынан;
- ✓ математикалық сауаттылығынан;
- ✓ компьютерлік сауаттылықтан;
- ✓ денсаулық мәселесіндегі сауаттылықтан;
- ✓ құқықтық сауаттылығынан.

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы «Қазіргі заманғы білім беру жүйесін құру, оқытудың инновациялық

нысандары мен әдістерін енгізуде педагог қызметкерлердің тұлғасына және кәсіптік құзыреттілігіне жоғары талаптар қоюда». Осы талаптарды жүзеге асыру үшін білім беру жүйесінде өзгерістер болуда, сол өзгерістердің бірі оқушылардың алған білімдерін өмірде қолдана алуларына бағытталған білімнің болуы. Яғни, оқушылар мен мұғалімдердің құзіретті болуы.

Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы мұғалімнің дайындығы осы орайда, бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамытуға қатысты теориялық әдебиеттер мен бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттырудың нақты тәжірибесін талдау барысында байқалғаны:

- қазіргі қоғам сұранысының талаптарына сай бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамытудың қажеттілігі біліктілікті арттыру жүйесінде қалыптастырылуда;

- бастауыш сынып мұғалімінің қазіргі жағдайы және кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы мүмкіндіктерге жол ашылуда;

- оқытудың заманауи жаңа технологияларын өздері таба алатын, жаңғырту мен даму тенденцияларына сай өзінің кәсіби қызметіне рефлексивті өзгерістер енгізе алатын кәсіби құзіретті педагогтерді қалыптастырудың теориялық және ғылыми-әдістемелік жолдарының біліктілікті арттыру курстарында қарастырыла бастады.

Сонымен бастауыш сынып мұғалімдеріне функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға арналған педагогикалық технологияларды меңгерту, педагогтердің технологияларды түсініп, дұрыс қолдана білуін, адам және оқушы рөлін жаңа түсіністікпен қабылдауын, білім беру үдерісін жобалауына ықпал етеді.

Педагогикалық технологиялар білім беру жүйесіндегі идеялар мен көзқарастарды біліктілікті арттыру курстарында орынды қолдану оқу үдерісін нәтижелі етеді педагогтердің кәсіби дайындық сапасын көтеруге мүмкіндік береді.

Кәсіби құзіретті мұғалімдерге қойылатын талаптар қазіргі қоғам қажеттілігінен туындайды. Жаңа қоғам мұғалімі тек кәсіби шеберлігі жоғары адам ғана емес, рухани дамыған, шығармашыл, мәдениетті, білім құндылығын түсінетін, педагогикалық технологияларды меңгерген, ғылым мен техника жетістіктері негізінде кәсіби даярланған болуы тиіс.

Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда педагогикалық практика үлкен рөл атқарады. Оның шығармашылық және педагогикалық құбылыстарды зерттеуге деген қабілеті дамиды, педагогикалық шеберліктің негіздері қаланады. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру жеке шығармашылық қабілетті дамытуды, педагогикалық инновацияларды дұрыс қабылдауы, күнделікті өзгеріп жататын педагогикалық ортаға тез бейімделуді қажет етеді.

Мұғалімнің мақсаты – білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыра отырып сапалы білім беру болса, ал қазіргі заман талабына сай білім берудің жолы – тиімді педагогикалық технологияларды басшылыққа алу.

Білім беру үрдісіне ұстаз да, шәкірт те жеке тұлға болып қарастырылатын болды. Жеке тұлғаға жету үшін әр оқушының қабілетін танып, біліп, дамытып, шындап, жөн сілтеп, адам дәрежесіне келтіру керек. Демек, оқытудың жаңа технологияларын пайдалана отырып, білім сапасын арттыру, мазмұнын байыту, оқу үрдісін жетілдіру, жан-жақты дамыған, рухани дүниесі бай жас ұрпақты тәрбиелеу-кезек күттірмейтін мәселелердің бірі. Бұның өзі оқушылардың өз бетімен жұмыс жасау, даму, тәрбиелеу, әр баланың қабілетін, дарынын ашу мұғалімдер қауымына зор міндеттер жүктейді.

Білім берудің негізгі мақсатына қатысты қазіргі қоғамда жаңа ұғым пайда болды. Мұғалім ең алдымен оқушыда өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыруға ат салысу керек. Өйткені, бұл тұлғаны ұлттық және әлемдік мәдениетке үйлесуге апаратын сара жол. Бүкіл дүние жүзіндегі болып жатқан осындай құндылықтардың өзгеруі жаңа ғасырға жас ұрпақты дайындау міндетімен байланысты.

Біздің қоғамға жаңа мағлұматтарды қабылдап қана қоймай, оны ойлана отырып, сыни талқылап, ой елегінен өткізе білетін оқушылар керек. Яғни, гуманизм мен демократия идеялары басты бағыт болып тұрған жаңа ғасырда білім беру жүйесіне де жаңа тәжірибелер енгізу.

Оқытудың әдіснамасы мен мазмұнының түбегейлі жаңартылуы – «Қалай оқыту?» және «Нені оқыту?» деген сұрақтарға құзыреттілік әдіс деген негізгі жауап ретінде ұсынылады. «Құзіретті маман», қызмет саласына қарамастан, біздің үміттеріміз бен сұраныстарымызды қанағаттандыратын өзінің жоғары кәсібилігімен ерекшеленеді. Қазақстандық мектептер оқытуда құзыреттілік әдісі

таңдайды, оның бірнеше себебі бар. Біріншіден, оқу ақпараты көлемін бір бағдарламаға «енгізу» мүмкін емес. Екіншіден, оны есте сақтаудың қажеті жоқ, одан гөрі оқушыларды бар ақпаратты қолдана білуге үйреткеніміз дұрыс болады. Үшіншіден, бүгінгі күні оқушылардың алдына қойылатын талаптар мектептен қазіргі заманғы ойлай білетін, таңдай алу және таңдай білу, дербестілік, тіл табыса білу, толеранттылық, бейімделе білу, командада жұмыс істей алу қабілеттері дамыған және дербес шешім қабылдай алатын жеке тұлғаны тәрбиелеуді талап етеді.

Оқушылардың осындай қасиеттері жаңа, толық, жекелік және әлеуметтік интеграцияланған білім алу нәтижесін береді. Құзыреттілік әдіс арқылы оқыту үшін жаңа бағдарлы педагогтер, дамыту оқулықтары, тиімді білім беру технологиялары, сонымен қатар, өзіндік жеке қабілеттерін дамыту үшін жеке білім беру траекториясын жасауға үйренетін оқушылар, балаларын шыдамдылықпен және даналықпен табысты өмірге итермелейтін ата-аналар қажет.

Сондай-ақ, бастауыш сынып пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді. Мұғалім оқу жоспарларындағы оқу мақсаттарына жетуге ынталандыратын жаттығуларды қалай жоспарлауға болатынын көре алады. Оқушыларға оқу жоспарындағы жаттығулар аясында көзделген оқу мақсаттарына қол жеткізуге көмектесетін бірқатар педагогикалық тәсілдерді пайдалану қажет. Мұғалім оқушылардың оқу мақсаттарына жетуіне мүмкіндік беру үшін оқу мақсаттарын белгілеп, олармен оқушыларды таныстыру арқылы, мақсаттарды бақылап, оқытуды реттеу арқылы оқу үдерісінің ашықтығын қамтамасыз етеді.

Әр сыныптың ерекшеліктерін ескере отырып оқу пәндерін оқыту арқылы оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай өз түсініктерін кеңейтуге және өзінің ой-пікірі үшін жауапты бола алуға, өзіндік көзқарасы мен пайымдауын қалыптастыруға, мұқият зерделеуге және өз ойын сенімді айта білуге әртүрлі тәсілдердің көмегімен ынталандыруға негізделген оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерінің түрлерін пайдалана отырып сабақ жоспарларын құру, әрбір мұғалімнің өз шығармашылығы мен тәжірибесі болмақ. Осы орайда, «мақсатқа жету мүмкін болмаса, мақсатыңды емес, әдісіңді өзгерт» деген Конфуцийдің сөзінің аса маңыздылығына көз жеткіземіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына. 2-қосымша Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.

2. Джадрина М.Ж. Инновационные процессы в школьном образовании Казахстана как основание для повышения его качества// Информационно-методический журнал открытая школа – №2(153). – 2016. – С. 3-6.

3. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту аясында қазақ тілінде оқытатын мектептердің бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы. -Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015. – 49 б.

4. Республикалық ғылыми-әдістемелік және ақпараттық – сараптамалық журнал 12жылдық білім, 2005ж.

5. Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттырудың оқу бағдарламалары және оқу – тақырыптық жоспарлары. – Алматы, 2013ж.

**Фахрутдинова А.Г.**

**КГУ «Школа-гимназия №8» города Щучинск**

### **АКТИВНЫЕ И ИНТЕРАКТИВНЫЕ ПРИЕМЫ РАБОТЫ НА УРОКАХ ЛИТЕРАТУРНОГО ЧТЕНИЯ КАК СРЕДСТВА ФОРМИРОВАНИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ**

Аннотация. Статья посвящена вопросу эффективности использования активных и интерактивных приемов работы на уроках литературного чтения в начальной школе. Выявлены и обусловлены положительные стороны данных приемов, которые помогают совершенствовать приобретенные на уроках знания. Показано, что с внедрением обновленного содержания образования, активные и интерактивные технологии стали неотъемлемой частью современного образования в начальной школе. Раскрыты преимущества применения активных и интерактивных приемов обучения. Выделены особенности интерактивного обучения, которые наилучшим образом влияют на формирование функциональной грамотности младших школьников.